



КАСАКА

АДЕБАМЕТИ

Бақытжан Тобаяқов Талдықорған топырағында туып-өскен ақын. Қазақ баласы өмірі байыған сайын шыққан тегіне сүйіспеншілігі арта бермегі жұмбақ құбылыс. Қазақ ел-жұртына елжіреп тұратын жылқы мінезімен жер бетін жайлаған халықтардан әсіре оза шауып, алдына жан салмай кететіні бар. Бақытжан ақын ата-бабасы көң жайлаған «Қарқаралы басында жалғыз арша» – ән Қарқаралы – ежелден ұлттық өлең-жыр өншісіндегі құт мекен. Ол әуелден Баян сұлудың басынан қарқарасы түсіп қалған фольклорлық-аңыз мекен.

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА, жазушы

Атыңнан айналайын, Қарқаралы, Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.

Мәди Бәпиұлының өр жырында қандай сөз құдіреті тұнған! Тау тұлға деп неліктен айтылатынын аңдайсыз ба? Психологиялық параллелизмнің асқан үлгісі қазақта көне-жыр аңыздан бері үзілмей келеді.

Махамбет – «Қызғыш құс», Мәди – «Қарқаралы». Қос жыр – қазақ сөзі үшін қас үлгі.

Бақытжан Тобаяқов қазақ өлеңіндегі игі дәстүрді жағастырып, Қарқаралысын жырға қосады.

Атамекен, ауаңмен тыныстадым, Сенде ұқтым береке, ырыс барын. Қарқаралы, Кент тауы жайлаған дүр, Қаракесек-Қарашор туыстарым.

Қарқаралы Мәди жырлаған соң ісі қазаққа танылып, әнге айналды. Жер атын ері мен әні шығарады екен.

Сұрасаң руымды Қаракесек.

Революцияға дейін қазақ руын қоспай әсте сөйлемеуші еді. Ру – оның тұлғалық картасы, нәсілдік түп белгісі болып табылатын. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Та-

бын Бұқарбай – рулы ел, ұялы теректің әр бұтағындай дара шыққан ұлдарының аруақты есімдері құс керуеніндегі тізіліп кете береді. Жаһандану озған сайын қасиетті халықтық танымнан айрылып қалудан Құдай сақтасын!

Бақытжан ақын үлкен ата Қаракесек ішінен Қарашор деп кіші атасын айқын көрсетуді лайық санайды. «Қара» деген сөз шежірелік деректерде бекем тұр. «Қара» – көне қазақ ұғымында үлкен, зор, өзгеріске ұшырауға көнбейтін түп негізді, мықтылықты білдіреді.


Бақытжан Тобаяқов суын ішіп, дәмін татып өспегенмен атамекені Қарқаралыға арнайы ат басын бұрудағы мақсаты жыр шақыру.

Бабалар ізі қалған киелі мекен, оның әр тасы ой тудырады. Бұрынғы өткен тұлғалар бейнесі жаңғырады.

Сөйтіп, Қарқаралы дәптерінде бас кейіпкер Қасым ақын болып шыға келмегі заңды. Рақымжанның Қасымы. *Жаңғырып бір жаһанға Қасым әні, Дабылындай елімнің дауылдасын.*

Қасым Аманжоловтың тұлғалық портретіне автор зер салуға асық әрі онда Қасым сөзінің сырлы бояуы жұққан. Оның бір астыртын себебі – ақын ағаның шалқар теңіздей керемет дарынына

Атамекен ЖЫРЛАРЫ



бөлшегі екенін мақтан тұтып жырлайды. Туған елдің қуатына, жарық дүниеде тең келер ештеңе жоқ.

Сол ұлдың бірі болған Қасым-ақын, Жауларынан жасқанбаған жасын-ақын, Дегбірін санасыздың қашыратын, Табиғат талантымен тасынатын.

«Қарқаралы дәптері» – Қасым Аманжоловтың туғанына 100 жыл толу мерейтойына арналған.

Туған ел сені естен шығармайды, Жырларың таққан тұмардай-ды.

Ақындықтың ең ұлы мұратын Бақытжан Тобаяқов осылай Қасым тұлғасы арқылы таңбалайды. Дүние – керуен көшеді, адамзат – жалған өшеді. Бағзы бабаларымыз аманат қылған: «Ақынның хаты өшпейді». Ендеше, қаламның ұлы мұраты мәңгілікке талас екен.

сүйіспеншілік, бақсы шақырғандай пір іздеу. Мұнсыз ақындық от алмайды. Нарынқұмға барып Махамбетке, Жидебайға барып Абай хакімге, Қарасазға барып Мұқағалиға ерекше ынтығып тұруды дәстүрге енгізген ақындар нәсілі. *Айналдым асыл өлкем, абат жерден, Байландым саған тастай қабат белден. Қыздарға қырмызыдай гүл сыйлаған, Ұлдарға ұшам деген қанат берген.* Ақындар туған жерді ұлықтау арқылы өзінің сол топырақтан өсіп-өнген бір дән,

Әлбетте, Қасым бейнесін өлеңде жасау үшін құр мақтаннан пайда жоқ. Тайпалық тар шеңберге бұл Қасым сыймайды. Ай ортақ, күн ортақ, ұлы ақындар – аз қазақ түгілі, адамзатқа ортақ.

Мадақ – көбік сөз, қызуы жоқ, тез тарқайды. Қасым аз ғұмырында неден күйді, неліктен азап шегіп, күншіл жамандардан жала мен қорлық көрді? Осы тектес психологиялық қайшылықтарды ашуға тырысу, дауылпаз Қасымның, «Өзім өлсем де, өлеңім өлмесін» деп серт қылған текті ақын образын тану оңай емес.

Қайран Қасым, Мына дүние дүрмекке байланғасын, Өтірік расқа, Әңгүдік Басқа айналған шын! Жүректің сен түбінде, қайнардансын, Қазақтың аз сендей арыстары, Азулы арыстаны, Өлеңнің падишасы, данышпаны.

Ең керемет мойындаудың үлгісін әзелде Мұқағали танытты.

Қасым солай болмаса, несі Қасым? Мұқағалидың Қасымды шын сүйіп, бағалаған өлеңінде пендешілік дағы жоқ. Мұны әдебиет білгіштері талант дәрежесі тең ақындардың бір-біріне ұқсастығы, үндестік табиғатынан туатын рухани құбылыс болған соң «конгениальность» деп айқындайды.

Бақытжан Тобаяқов Қасымға арнау өлеңдерінде кей тұстарында ой қайтала-

нады. Қарқаралы ұл-қыздарын мақтағанда. Перзенттік махаббат әсері. Бірақ ой қайталау эстет оқырманға артық. Кез келген автор оқырманын патшадай көрсе, ғажап ұтқаны.

Ақын кейіпкерінің көркемдік әлемі мен деректі әлемінің тең түсуі, төрт аяғы тайпалған жорғадай образға әдебиет шын ғашық.

...Талмай іздеп өзіндей тау мүсінді, Қасымның Қарқарада тасын таптым.

Бақытжан ақын нысананы дұрыс таңдайды. Құрғақ мадаққа Қасым сыя қоймайды.

Тауда өстім, Тауда өстім, тау-шыңым, Алар болсаң берерімді алшы мың. Қасекең де Кент тауының перзенті, Мұраларын мұрағаттан аршыдым. Ойлы оқырман дара детальға зәру. Тосып жатыр Қасым досын, бауырын, Топырағында тебіреніп нағашым.

Бақытжан Тобаяқов Қасымды нағашым деп атайтын ағалары Жәлел мен Жамбылдан дарыған сүйіспеншілігін, оның әндерін қосыла шырқайтынын жырлайды. «Дарига-қыз» шырқаушы едік екеулеп, Қасекеңнің жұртта қалған қаны екен.

Ақын өзінің Қасым ақынға жиен екеніне екпін түсіре айтады.

Ғалым Жайлыбай Жүсіпбек Қорғасбекке берген сұхбатында: «XX ғасырдағы қазақ өлеңін Қасымға дейінгі және Қасымнан кейінгі деп бөліп айтуға болады», – деп дәуірлік ауқыммен тұңғыш бағалайды. Шіркін, қаламы бардың бәрінің жүрегіндегі асыл арманы осы ғой:

Қасым ақын ғасырдан аттап кетер, Жас ұрпағы жырларын жаттап өнер.

... Қынабынан қылыштай суырылған Шын таланттар өнерін ақтап өлер!

Бақытжан Тобаяқов Қасымға арнауын осылай түйіндейді.